

## Сотталғандарға қоғамдық жұмыстардың түрлерін ұсынатын кәсіпорындардың тізбесі мен қоғамдық жұмыстарын бекіту туралы

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 19 қантардағы № 02 қаулысы. Жаңаөзен қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 ақпанда № 11-2-133 тіркелді

Казақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 42 - бабына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Кәсіпорындардың тізбесі мен қоғамдық жұмыстардың түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Шығарылған сот үкіміне және қылмыстық атқару инспекциясының жолдамасына сәйкес жұмыс берушілер сотталған азаматтарды қала аумағында көгалдандыру, жасыл көшеттерді отырғызу, көркейту, санитарлық тазалау, жолдарды және оның аймағын тазалау жұмыстарына, санитарлық қызметтерге тартылуын қамтамасыз етуі ұсынылсын.
3. Аталған тізімде көрсетілген мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларына сотталған азаматтар үшін тегін пайдалы қоғамдық жұмыстардың төлемақыларын жергілікті бюджетке аударылуы ұсынылсын.
4. Қала әкімдігінің 2009 жылғы 3 ақпандағы № 180 қаулысының күші жойылсын.
5. Осы қаулының орындалысын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Сатыбалдиевке жүктелсін.
6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

O. Сарбөпееев